Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Дербісек елді мекені
ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін
ЖШС «Дин-Асыл» б/б
__________А.Н.Оразбаева
«__31_» 05 2023-2024жж

# *Ұйымдастырылған ашық есік күні*

# Тақырыбы: Қазақ тілі – достық тілі

**Ортаңғы «Бүлдіршін» тобы**
**Тәрбиеші: Шокирова Н**




2023-2024 жж

## Тақырыбы: «Қазақ тілі – достық тілі»

**Мақсаты:**
Балалардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру
«Сәлеметсіз бе», «Рахмет», «Дос», «Достық» сөздерін меңгерту.
Ата-аналарды балабақшаның оқу-тәрбие үдерісімен таныстыру, педагог пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту.
Достыққа, сыйластыққа тәрбиелеу

**Міндеттері:**
Қазақша қарапайым сөздерді түсініп, айтуға үйрету
Сұраққа қысқа жауап беруге дағдыландыру.
Ата-аналарға ашық оқу қызметтерін ұсыну.
Бір-бірімен достық қарым-қатынас орнату.

**Көрнекіліктер:**
Суреттер (балалар, достық), смайликтер, ойыншықтар, ту, жүрекшелер
Оқу қызметінің барысы:

**1. Ұйымдастыру кезеңі**

Тәрбиеші:
– Балалар, шеңберге тұрайық.
– Бір-бірімізге күлімдеп, қазақша амандасайық.
Балалар:
– Сәлеметсіз бе!

**2. Тіл дамыту**

– Балалар, біз қай тілде сөйлеп отырмыз?
– Қазақ тілі – қандай тіл?
Жауап:
– Қазақ тілі – достық тілі…

**3. Негізгі бөлім**

Сөздік жұмыс:
Дос, достық, сәлеметсіз бе, рахмет
Ойын: “Досыңды тап”
Балалар бір-біріне доп лақтырып,
– Сен менің досымсың
– Рахмет
деп айтады.

**4. Ата-аналармен кері байланыс**

Сұрақ-жауап, пікір алмасу

**5. Сергіту сәті**

Дос болайық бәріміз,
Қол ұстасып жүрейік,
Қазақ тілін үйреніп,
Бірге ойнап-күлейік.

***6. Қорытынды***

– Балалар, біз бүгін не туралы айттық?

– Қазақ тілі бізге не үшін керек?

Балаларды мадақтау, смайлик тарату.



Тексерілді:

Бекітемін:
ЖШС «Дин-Асыл»бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі
А.Н.Оразбаева
06.03.2024ж

# Ана-гүл, ана-жыр, ана-өмір шуағы.

## 8-наурыз мейрамына арналған ертеңгілік сценарейі

Жүргізуші: аналардың әр бір сөзі, ой талабы. Жжүректің тереңінде сақталады. Өсіңдер елін сүйген ұлдар боп. Ардақты ана еңбегі ақталады.

-Құрметті әжелер, аналар! Сіздерді наурыз айындакелген 8-наурыз мерекесімен құттықтаймыз!

Балалардың құттықтау тақпақтары.

Б. Раяна

Бәз доспыз гүлдермен

Текке оны жұлмаймыз

Той күні бір бірден

Аналарға сыйлаймыз

Алихан

Мені жақсы көреді

Күндей күліп келеді.

Көп ертегі біледі

Маған  айтып береді.

Рамазан

Ақ анашым аппағым

Өзің жайлы тақпағым

Өзің жайлы әнімде,

Арнадым саған бәрінде.

Қарақат

Келді көктем күннің

Күлімдейді гүлің

Алтын ойлы-Анам

Мерекеңіз бүгің!

Нұржігіт

Аялап алақан

Әлпештеп өсірген

Аялулы жан анам

Қатемді кешірген

Мухамеджан

Жарқын жүзді жан анам

Сендей болсын бар адам

Сендей болса бар адам

Шаттық кетпес баладан.

Дастан

Менің анам ардақты

Алтынанда салмақты

Жақсы көрп баласын

Мәпелейді анашым.

Ана  сен бақыттысың!

Гүлің болып қсіп келем.

Жайнап жүрші,

Күліп жүрші,

Алладан мен тілеп келем!

Усман

1. Анамыздың мерекесі

Келіп қалды жақындап

Көңілін қалай тапсам деп

Ойлап жүрмін күні – түні.

Айсұлтан

Біз доспыз гүлдермен

Текке оны жұлмаймыз

Той күні бір бірден

Аналарға сыйлаймыз

О. Айым

Шашымды өріп тараған

Қабағыма қараған

Үлкен-кіші демейді

Сыйлайды оны бар адам

Аналармен ойын; «мен баламды қалай еркелетемің».

Өлең қошақаным

Би

Жүргізуші балаларға кәмпиттер таратылады.

-ал енді аналарға арналған сыйлықтарды қабыл алыныздар!

- құттықтау сөзі

- осымен біздің мерекеміз аяқталды.

Қымбатты да аяулы аналар!

Мерекеңіз құтты болсын!

Әлемдегі ең сұлу, ең мейірімді, ең қамқор адам осы отырған сіздер!

Деңдеріңіз сау, көңілдеріңіз шат болсын!

Әрқашан аман болайық! Сау болыңыздар!

Тексерілді:

Бекітемін:
ЖШС «Дин-Асыл»бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі
А.Н.Оразбаева
«10».04.2024ж

**Тақырыбы:** Үй жануарлары мен  төлдері

**Мақсаты :** Білімділік: :й жануарларының ажыратып айта білуге үйрету.

Дамытушылық:  сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы тіл байлықтарын дамыту.

«Жануарлар қалай дыбыстайды?» сұрағына жауап беруге үйрету.

Тәрбиелік: Үй жануарларына деген қамқорлық, аяушылық сезімдерін ояту.

Қажетті көрнекіліктер: Үй жануарлары мен тқлдерінің, суреттері, слайд.

**Шаттық шеңбері:**

- Балалар, бізге қонақтар келіп отыр, алдыменен амандасып алайық, мен сендерді жылулық шеңберіне шақырамын.
  Қуанамын мен де,
  Қуанасың сен де.
  Қуанайық бәріміз,
  Арайлап атқан күнге
  Бүгінге күніміз сәтті өтсін!

Тақтадағы суреттерді көрсету тақырыпты еске түсіру

-Балалар, бүгін біз үй жануарларымен танысамыз.

-Сендер үй жануарларына не жататынынбілесіңдерме?

-Балалар тақтаға назар аударайық.

-Мынау түйе. ( төлі бота)

-Мынау жылқы. (төлі құлын)

-Мынау сиыр. (төлі бұзау)

-Мынау ешкі. (төлі лақ)

-Балалар бұл үй жануарларына жатады. Біз оларға жем, су, шөп береміз. Оларды қорада ұстап, күтңп баптаймыз. Қораның ішін тазалааймыз. Бұл үй жануарларының бізге тигізерпайдасы зор.

-Ендіше балалар слайд тақтаға назар аударайық.

-Балалар  айтыңдаршы мынау қа жануар? Әрине, бұл сиыр.

-Сиырдың сүтінен, құрт, ірімшек, май, қаймақ, сүзбе т.б.

Сиырдың төлі-бұзау.

-Ал мынау қай жануар?

-Қой – төрт түліктіңішіндегі  аса жуасы, момыны. Аяғымызға киетін, байпағымыз. еденге төселетін киіздер-бәрі де осы қойдың жүнінен жасалады. Қойдың етін тағам ретінде пайдаланамыз.Қойдың төлі –қозы.

-Ал мынауше?

-Жылқы мінсе көлік, сойса ет. Оның еті өте дәмді, ал қымызы адамға пайдалы емдік қасиеті бар. Жылқының төлі- құлын.

-Ал бұл қай жануар?

-Ешкі түбіті, терісі өте мықты болады.Ертеректе ешкінің терісінен сусын құятын мес жасаған, сүті мен еті өте пайдалы. Ешкінің төлі-лақ?

-Ал бұл қай жануар?

-Түйені ертеректе көшіп қонған кезде үстіне жүк артып, көлік ретінде пайдаланған.  Түие сүтінен адамға пайдалы емдік ретінде шұбат жасалады. Түйенің төлі-бота.

**Сергіту сәті:**

Топ-топ басайық,

Ауылға біз барайық.

Қозыларды санайық,

Қораларға қамайық.

Балалар мен сендермен ойын ойнатқым келіп тұр. Ойын ойнаймыз ба? Ойынның аты «Төлдерін тап!»

Ойынның  шарты тақтада үй жануарлары ілінген, ал сендер осы жануарлардың төлдерін орналастыруларың керек. (балалар үй жануарлары туралы тақпақ айтады)

**Раяна**

Ақ бұзауым ұнайды.

Мө-мө деп сүт сұрайды.

Келеді өсіп күн сайын,

Тұмсығын созып қарайды.

**Рамазан**

Құлыншағым құндызым

Құлдырайды шабады

Жылтылдаған жұлдызым

Құстай қанат қағады.

**М. Раяна**

Шөре-шөре лағым,

Тентек болма шырағым

Секектеме демінді ал,

Селтеңдемей құлағым.

**Ж. Раяна**

Айналайын ботам

Қандай күлте жотаң

Табандарың жалпақ

Теріп жейсің жантақ

**Айсұлтан**

Кіп-кішкене момақан

Қошақанды ұнатам

Сүйеді апам қозым деп

Қошақаным қозым деп

-Балалар сонымен үй жануарларына нелер жатады?

Жылқы, Сиыр, қой ешкі, ит, мысық.

Үй жануарлары не жейді? (шөп, жүгері) т.б.

Оның аты «даусынан ажырат!» Ойының шарты: Дыбысты ести отырып айтады. Үй жануарларының даусын ажыратып айтады.

-Жарайсындар балалар! Бәрің де бүгін өте жақсы қатысыңдар.

Енді қонақтармен қоштасайық.

Біледі: Үй жануарлары мен төлдерін тіршілік ету ерекшіліктерін.

Игереді: Үй жануарлары қолға үйренген жанаруарлардың түрлері екенін.

Меңгереді: үй жануарлары күтіп- баптауды, оларға қамқорлық жасай білу.

Тексерілді: [illegible]

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Дербісек елді мекені
ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін
ЖШС «Дин-Асыл» б/б
_________А.Оразбаева
«__»__05 2023-2024жж

*Ұйымдастырылған ашық есік күні*

# Тақырыбы: Қазақ тілі – достық тілі

**Ортаңғы «Бүлдіршін» тобы**
**Тәрбиеші: Шокирова Н**




2023-2024 жж

## Тақырыбы: «Қазақ тілі – достық тілі»

**Мақсаты:**
Балалардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру
«Сәлеметсіз бе», «Рахмет», «Дос», «Достық» сөздерін меңгерту.
Ата-аналарды балабақшаның оқу-тәрбие үдерісімен таныстыру, педагог пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту.
Достыққа, сыйластыққа тәрбиелеу
**Міндеттері:**
Қазақша қарапайым сөздерді түсініп, айтуға үйрету
Сұраққа қысқа жауап беруге дағдыландыру.
Ата-аналарға ашық оқу қызметтерін ұсыну.
Бір-бірімен достық қарым-қатынас орнату.
**Көрнекіліктер:**
Суреттер (балалар, достық), смайликтер, ойыншықтар, ту, жүрекшелер
Оқу қызметінің барысы:
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Тәрбиеші:
– Балалар, шеңберге тұрайық.
– Бір-бірімізге күлімдеп, қазақша амандасайық.
Балалар:
– Сәлеметсіз бе!
**2. Тіл дамыту**
– Балалар, біз қай тілде сөйлеп отырмыз?
– Қазақ тілі – қандай тіл?
Жауап:
– Қазақ тілі – достық тілі…
**3. Негізгі бөлім**
Сөздік жұмыс:
Дос, достық, сәлеметсіз бе, рахмет
Ойын: “Досыңды тап”
Балалар бір-біріне доп лақтырып,
– Сен менің досымсың
– Рахмет
деп айтады.
**4. Ата-аналармен кері байланыс**
Сұрақ-жауап, пікір алмасу
**5. Сергіту сәті**
Дос болайық бәріміз,
Қол ұстасып жүрейік,
Қазақ тілін үйреніп,
Бірге ойнап-күлейік.

***6. Қорытынды***

– Балалар, біз бүгін не туралы айттық?

– Қазақ тілі бізге не үшін керек?

Балаларды мадақтау, смайлик тарату.



Тексерілді:

Бекітемін:
ЖШС «Дин-Асыл»бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі
А.Н.Оразбаева
06.03.2024ж

# Ана-гүл, ана-жыр, ана-өмір шуағы.

## 8-наурыз мейрамына арналған ертеңгілік сценарейі

Жүргізуші: аналардың әр бір сөзі, ой талабы. Жжүректің тереңінде сақталады. Өсіңдер елін сүйген ұлдар боп. Ардақты ана еңбегі ақталады.

-Құрметті әжелер, аналар! Сіздерді наурыз айындакелген 8-наурыз мерекесімен құттықтаймыз!

Балалардың құттықтау тақпақтары.

Б. Раяна

Бәз доспыз гүлдермен

Текке оны жұлмаймыз

Той күні бір бірден

Аналарға сыйлаймыз

Алихан

Мені жақсы көреді

Күндей күліп келеді.

Көп ертегі біледі

Маған  айтып береді.

Рамазан

Ақ анашым аппағым

Өзің жайлы тақпағым

Өзің жайлы әнімде,

Арнадым саған бәрінде.

Қарақат

Келді көктем күннің

Күлімдейді гүлің

Алтын ойлы-Анам

Мерекеңіз бүгін!

Нұржігіт

Аялап алақан

Әлпештеп өсірген

Аялулы жан анам

Қатемді кешірген

Мухамеджан

Жарқын жүзді жан анам

Сендей болсын бар адам

Сендей болса бар адам

Шаттық кетпес баладан.

Дастан

Менің анам ардақты

Алтынанда салмақты

Жақсы көрп баласын

Мәпелейді анашым.

Ана  сен бақыттысың!

Гүлің болып қсіп келем.

Жайнап жүрші,

Күліп жүрші,

Алладан мен тілеп келем!

Усман

1. Анамыздың мерекесі

Келіп қалды жақындап

Көңілін қалай тапсам деп

Ойлап жүрмін күні – түні.

Айсұлтан

Біз доспыз гүлдермен

Текке оны жұлмаймыз

Той күні бір бірден

Аналарға сыйлаймыз

О. Айым

Шашымды өріп тараған

Қабағыма қараған

Үлкен-кіші демейді

Сыйлайды оны бар адам

Аналармен ойын; «мен баламды қалай еркелетемін».

Өлең қошақаным

Би

Жүргізуші балаларға кәмпиттер таратылады.

-ал енді аналарға арналған сыйлықтарды қабыл алыныздар!

- құттықтау сөзі

- осымен біздің мерекеміз аяқталды.

Қымбатты да аяулы аналар!

Мерекеңіз құтты болсын!

Әлемдегі ең сұлу, ең мейірімді, ең қамқор адам осы отырған сіздер!

Деңдеріңіз сау, көңілдеріңіз шат болсын!
Әрқашан аман болайық! Сау болыңыздар!

Тексерілді: Даияк.

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Дербісек елді мекені
ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін:
ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі
____________ А.Н.Оразбаева

# Ұйымдастырылған ашық есік күні

# «Ана тілім, Қазақ тілім»

**Ортаңғы «Көгершін» тобы**
**Тәрбиеші: Арзыкулова Лаура**




2023-2024жж.

# «Ана тілім, Қазақ тілім»

Тәрбиеші: -Балалар, біз бүгінгі мерекелерімізді бастамас бұрын, қонақтармен сәлемдесіп алайықшы!

Арайлап таң атты

Алтын сәуле таратты

Жарқырайды күніміз

Жарқырайды даламыз

Қайырлы таң,балалар!

Қайырлы күн қонақтар!

Тәрбиеші: -Балалар,біз қай мемлекетте тұрамыз?

Балалар: -Қазақстан Республикасында тұрамыз.

Тәрбиеші: -Қазақстан Республикасының елордасы қалай аталады?

Балалар: -Астана қаласы.

Тәрбиеші: -Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер?

Балалар: -Елтаңба, Ту, Әнұран.

Тәрбиеші: -Жарайсыңдар, балалар, еліміздің рәміздерін жақсы біледі екенсіңдер.Біз қай тілде сөйлейміз?

Балалар: -Біз қазақ тілінде сөйлейміз.

Тәрбиеші: -Дұрыс айтасыңдар, балалар, біздің Отанымыз-Қазақстан, Ұлтымыз-Қазақ, ал ана тіліміз-қазақ тілі.Балалар, бүгін қандай мереке?

Балалар: -Бүгін «Тіл» мерекесі.

Тәрбиеші: -Дұрыс айтасыңдар, бүгін «Тіл» мерекесі.Ендеше, бүгінгі мерекеміз, «Ана тілім-ардағым»-деп аталады.Қазақ тілі-дүние жүзіндегі ең бай тілдердің бірі. Ана тілі әр адамға ана сүтімен бірге еніп қалыптасады.

Қазақ тілім өз тілім, ана тілім

Абай, Мұхтар сойлеген дана тілім.

Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені

Болашағым,бақытым дара тілім

Хор: «Туған жер»

Тәрбиеші: -Балалар бізге қонақ келген сияқты, қане бәріміз қошеметпен қарсы алайықшы

Ару Ана: -Сәлеметсіңдер ме, балалар, құрметті қонақтар, мен Ару Анамын сендердің балабақшаларыңда тіл мерекесі болып жатқанын естіп сендерге қонаққа келдім. Сендердің өнерлеріңді тамашалауға келдім

Тәрбиеші: -Сәлеметсіз бе, Ару Ана, біздің мерекеге қош келдіңіз! Жоғары шығыңыз! Тіл мерекесіне біздің балалар өз өнерлерін ала келіпті.

Нұрдана:

Жаңа ғасыр жүрегі боп соғамыз.

Ел бірлігін еңкейтпеген санамыз.

Қазақ деген қасиетті пір тұтып,

Жасарамыз,жалындаймыз,жанамыз.

Расул:

Егеменді достық жүрек Сыр гүлі,

Егемендік бауырластар бұлбұлы.

Сыр елі де кемелденіп келеді,

Барлық ұлттың баяндалып бірлігі.

Аянат:

Аға,апа,інім-деп,

Қарындасым,гүлім деп,

Қандай тәтті өз тілің,

Сөйлегенде күлімдеп.

Ана тілің- қаның бұл

Жан бітірер тасқа да,

Қуат берер нәрің бұл

Үлкенге де,жасқа да.

Дамелия:

Көк туды асқақ көтерген,

Елді мақтан етем мен,

Терезесі тең сыйлас,

Алыс,жақын шет елмен.

Іші-алтын,сырты-нұр,

Бұзылмаған шырқы бір.

Ұлы достық мекені-

Қазақстан жұрты бұл.

Тәрбиеші:

Құлақтан кіріп бойды алар

Әсем ән мен тәтті күй

Көңілге сырлы ой салар

Әнді сүйсең менше сүй - деп Абай атамыз айтқандай

келесі кезекті әсем әнге берейік

Би: «Қасиетті домбыра» С.Амина

Ару Ана: -«Өнер алды-қызыл тіл» дегендей, өнерлі балалар екенсіңдер, қане тағы кімнің қандай өнері бар?

Ж.Мадияр:

Ана тілі-тірлігімнің айғағы.

Тілім барда айтылар сөз ойдағы.

Өссе тілім, мен де бірге өсемін,

Өшсе тілім, мен де бірге өшемін.

Санжар:

Ана тілі-біздің туған анамыз,

Анамыздай сыйлап бағып қағамыз.

Ана тілін бағаласақ қалай біз,

Өзіміздің сондай болмақ бағамыз.

Жанбота:

Ең бірінші бақытым-Халқым менің,

Соған берем ойымның алтын кенін.

Ол бар болса, мен бармын,қор болмаймын,

Қымбаттырақ алтыннан нарқым менің.

Ал, екінші бақытым- тілім менің,

Тас жүректі тіліммен тілімдедім.

Кей-кейде дүниеден түңілсем де,

Қасиетті тілімнен түңілмедім.

С.Амина:

Анамның тілі-айбыным менің,

Анамның тілі-ай-күнім менің.

Сүйемін байтақ елімді туған,

Сүйемін байтақ өмірді думан.

Нұрдана: «Қарлығаш»

Расул: «Тұлпарым»

Тәрбиеші: -Балалар қане, көңілімізді бір сергітіп алайық. Ойын ойнағыларың келе ме?

Қимылдық ойын: «Жалауға қарап қимыл жаса»

Шарты: көк жалау көтерілгенде маршпен жүру,ал қызыл жалауда шеңбер бойлап билеп тұра қалу.

Тәрбиеші:

Тілмен ғана қызық менің тірлігім

Тату еткен ел мен елдің бірлігін.

Туған тілмен асқақ шығып ізгі үнім

Туған тілде алып жүрміз біз білім

Енді, балалар, бәріміз қолымызды жайып Ару

Анамыздың батасын алайық

Ару Ана: «Бата»

Тәрбиеші: -Осымен құрметті қонақтар, балалар, бүгінгі тіл мерекесіне арналған ашық есік күні аяқталды, зейін қойып тыңдағандарыңызға көп рахмет.

Тексерілді. Байзак.